

А.Б. Тасмаганбетов*, PhD, қауымд. профессор¹
А.К. Көшкінбаев, бас маман²
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті¹
Ақтөбе қ., Қазақстан
ҚР ТЖМ ӨҚК Ақтөбе облысы бойынша Департаменті²
Ақтөбе қ., Қазақстан
* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: aslankase@post.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫН ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫМЕН ҚАМТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада цифрлық технологияларды енгізуге байланысты ауыл шаруашылығында еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігі мәселелері қаралған. Әдеби шолуды жүргізу барысында ғалымдар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету жөніндегі еңбектерінде негізінен мынадай бағыттарды қарастырған: еңбек ресурстарының өндіріс тиімділігіне әсері; еңбекақы төлеу және еңбекке ынталандыру мәселелері; ауылдың инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту; жаңа технологияларды енгізу бойынша білікті кадрларды қайта даярлау және тағы басқалар.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы еңбек нарығын талдау барысында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын еңбек ресурстарымен қамтамасыз етудің негізгі мәселелері айқындалған: ауыл шаруашылығында цифрландыруды енгізу үшін қажетті кадрлар мен мамандардың жетіспеушілігі; кәсіпорындардың нысаналы кадрлар даярлауға қызығушылығының төмендігі; жастар арасында ауыл шаруашылығы кәсіптерінің тартымсыздығы; кадрларды даярлау және жас мамандарды өндіріске бейімдеу бойынша бірыңғай бағдарламалардың болмауы. Мақала авторлары ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар берген: ауыл шаруашылығындағы технологиялық өзгерістерді ескере отырып, әлеуметтік-еңбек қатынастары жүйесін қайта қарау; ауыл азаматтарының экономикалық және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту; жастардың аграрлық кәсіпкерлігін дамытуды қолдау; ауыл жастарынан мамандарды мақсатты даярлауды жүзеге асыру.

Кілт сөздер: еңбек ресурстары, жалдамалы қызметкерлер, біліктілік, ауыл, ауыл шаруашылығы, кәсіпорын, цифрландыру, ауыл жастары, технологиялар, еңбек нарығы

Ключевые слова: трудовые ресурсы, наемные работники, квалификация, село, сельское хозяйство, предприятие, цифровизация, сельский молодежь, технологий, рынок труда

Keywords: labour resources, employees, qualifications, village, agriculture, enterprise, digitalization, rural youth, technology, labour market

Кіріспе. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында цифрлық технологияларды қолдану жұмыс күші санының қысқару қажеттілігіне әкелуі мүмкін. Цифрлық технологияларды өндіріске енгізу біліктіліктің қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келмейтін, бұрын жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс орындарын жедел босатуына ықпал етеді. Демек, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті болып отыр.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының тұрақты жұмыс істеуі үшін оларды қажетті кәсіби біліктілік деңгейіне ие еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету қажет. Олар ауылша-

руашылық өндірісі үшін басты және әлі күнге дейін таптырмайтын ресурс болып табылады. Сондықтан аграрлық азық-түлік нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін айқындай отырып, бүкіл кәсіпорын қызметінің нәтижелері еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігіне байланысты болады. Осыған байланысты еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігінің өсу факторларын анықтаумен байланысты ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік шаралардың рөлі артып келеді. Алынған ақпарат негізінде әртүрлі деңгейлерде басқарушылық шешімдер қабылдауға, саланы және кәсіпорындар қызметін одан әрі дамыту стратегиясы жоспарлауға мүмкіндік береді.

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

Бұл мақаланың мақсаты – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында еңбек ресурстарын қамтамасыз етуді талдау және олардың тиімді пайдаланылуын арттыру жолдарын ұсыну.

Еңбек әлеуетін пайдалану тиімділігін зерттеудің маңызды шарты тауарлар мен қызметтерді өндіру үдерісінде аграрлық еңбектің тиімділігін талдау болып табылады.

Зерттеу әдістері. Мақалада зерттеу ауыл шаруашылығы еңбек ресурстарына қатысты статистикалық мәліметтерді сараптамалық және салыстырмалы әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі.

Әдебиеттік шолу. Ауыл шаруашылығындағы білікті мамандар мен жоғары білікті қызметкерлер – бұл қазіргі және болжамды синтегеуріндер алдындағы артықшылық, нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі.

Ауыл шаруашылығы, ең алдымен, адамдарды азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған экономика саласы болғандықтан, кез-келген қызмет түрі және ауыл шаруашылығы саласындағы кез-келген мамандық белгілі бір тәжірибе мен білімді қажет етеді.

Ермоленко А.А. және Мордовец А.В. ауыл шаруашылық кәсіпорындарының еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін және оларды өндіріс тиімділігін арттыру үшін ұтымды пайдалануды қарастырған. Олардың пікірінше, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану ауыл шаруашылығы жұмыстарының көлемі мен уақытылы орындалуына, техниканы ұтымды пайдалануға, өнім өндіру көлеміне, пайдаға және басқа да бірқатар көрсеткіштерге әсер етеді [1].

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында кадрлық жұмыс іс жүзінде жүргізілмейді. Осыған байланысты кәсіпорындарда персоналдың шоғырлануына, пайдаланылатын кадрлық технологияларға, қызметкерлердің біліктілік деңгейіне, қызметкерлерге салынатын инвестициялардың тиімділігіне тұрақты бағалау жүргізу қажет.

Ауыл шаруашылығында еңбек нарығын зерттеумен айналысатын көптеген ғалымдар (Волченкова А.С., Кравченко Т.С., Злобин Е.Ф., Студенникова Н.С., Полухина М.Г.) өз жұмыстарында еңбекке ақы төлеу және ынталандыру мәселелерін, ұсынылатын еңбек ақының көлемін анықтау үдерісінің әдістемелік және тәжірибелік жақтарын, сондай-ақ олардың өзгеру себептерін қарастырады [2, 3].

Гончарова Н.В. және Кравченко Т.С. өңірлерде ауыл шаруашылығының жұмыс істеу жағдайларын жақсарту үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдау бағыттарын жетілдіру және ауылдың инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, саланы кадрлық және ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту есебінен мүмкін болатынын атап көрсеткен [4].

Ауыл шаруашылық еңбегі көп уақытты қажет ететін үдерістердің бірі болып табылады, өйткені көптеген реттелмейтін факторлар ауыл шаруашылық өндірісінің тиімді жұмыс істеуіне үлкен әсер етеді. Сондықтан кадрлардың кәсібилігінің өсуі бірінші орынға шығуы керек. Еңбекке қабілетті және өндірістің тиісті саласында белгілі бір кәсібилікке ие адамдар ауыл шаруашылық кәсіпорынында цифрлық технологияларды енгізе алады.

Волкова С.Н. және басқалар агроөнеркәсіптік кешендердегі кадрларды дамыту стратегиясын қарастырған. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін жаңа технологиялар мен ғылым жетістіктерді енгізу бойынша білікті кадрларды қайта даярлау маңызды фактор болып табылады. Жаңа технологиялар өндіріске білім беру жүйесі арқылы өндірісте жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру курстары, өндірісте құрылған кафедра филиалдарында жоғары оқу орындары түлектері орындайтын дипломдық жобалар түрінде енгізіледі [5].

Кәсіпорындардың жұмыс істеуінің жаңа шарттары жұмысшы кадрлардың кәсібилігіне қойылатын қатаң талаптарды енгізу арқылы іске асады. Инновациялық, жаңғыртылған техниканы пайдалану біліктіліктің жоғары деңгейін талап етеді. Ауылдағы еңбек жағдайларының сапасын және өмір сүру қолайлылығын арттыру қажеттілігіне байланысты әлеуметтік факторларға ерекше назар аудару қажет. Демек, еңбек әлеуетін пайдалану тиімділігінің артуы аграрлық дағдарыстың дамуын тежеуге және ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісін ұлғайтуға ықпал етеді.

Негізгі бөлім. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілетті өнімді шығаруы үшін, оларды кәсіби біліктілік деңгейі жоғары еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету қажет. Ол үшін Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының еңбек нарығын қарастырып көрейік.

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2016 жылы еңбекке жарамды 3846,6 мың адам, соңғы бес жылда жұмыс күшінің азайғаны байқалады. Егерде ауыл шаруашылығындағы болса, ал 2020 жылы 3768,6 мың адамды құрап отыр (1-кесте).

1-кесте

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы еңбек нарығының 2016 және 2020 жылдар аралығындағы негізгі көрсеткіштері*


Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Жұмыс күші, мың адам	3 846,6	3840,1	3 861,4	3 830,7	3 768,6
Жұмыс күші үлесі, пайызбен	71,7	71,7	72,3	71,6	70,3
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	3 662,7	3 653,1	3 677,5	3 648,8	3587,5
Жұмыспен қамту деңгейі, пайызбен: 15 және одан жоғары жастағы халыққа шаққанда	68,3	68,2	68,9	68,2	66,9
жұмыс күшінің санына	95,2	95,1	95,2	95,3	95,2
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	2 240,9	2 325,7	2 385,7	2 369,2	2 371,3
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен	61,2	63,7	64,9	64,9	66,1
өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер, мың адам	1 421,8	1 327,4	1291,8	1 279,6	1 216,2
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен	38,8	36,3	35,1	35,1	33,9
Жұмыссыз халық, мың адам	183,9	187,0	183,9	181,9	181,1
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	4,8	4,9	4,8	4,7	4,8

* Әдебиет негізінде құралған [6, 245 б.]

Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың саны тез төмендеп кетті. Мәселен, жұмыспен қамтылғандар саны 2016 жылы 3662,7 мың адам болса, ал 2020 жылы 3587,5 мың адамға дейін қысқарған. Ауыл шаруашылығында жалдамалы қызметкерлердің саны жыл сайынғы өсімі байқалады: 2016 жылы 2240,9 мың адам, ал 2020 жылы – 2371,3 мың адам. Айта кететін жайт, жұмыспен қамтылған ауыл халқының ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны 1421,8 мың адамнан (2016 жылы) 1216,2 мың адамға (2020 жылы) дейін азайған.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында жұмыссыз халықтың деңгейі 183,9 мың адамнан (2016 жылы) 181,1 мың адамға (2020 жылы) кеміген. Бұл көрсеткіштің өсуін жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар санының өсуімен түсіндіруге болады. Бұл ауылдық аймақтарда жұмысқа жарамсыз, яғни зейнет жасындағы адамдардың көбеюімен байланысты.

2020 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша, жұмыспен қамтылған 3587,5 мың қызметкерлердің 1066,7 мың адамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар. Бұл адамдардың үлесі 29,7%-ды құрайды (1-сурет).



1-сурет. Қазақстан Республикасында 2020 жылы ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған тұлғалардың білім деңгейі*

* Әдебиет негізінде құралған [6, 245 б.]

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

Жұмыспен қамтылғандардың ішінде орта кәсіптік (арнаулы) білімі тұлғалардың үлесі 38,6% мөлшерінде, ал жалпы орта білімі барлар – 24,6%.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына енгізіліп жатқан цифрлық технологиялар (ақылды фермалар, саяжайлар, электрондық карталар және тағы басқалар) біліктілігі жоғары қызметкерлердің еңбегіне деген сұранысты арттырып отыр. Ауыл экономикасының барлық салаларын кеңінен цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын белсенді пайдалану, бұл жұмыс берушілердің жалдамалы жұмыскерлерге қойылатын талаптарын қайта қарауға әкеп соғады. Нәтижесінде, болашақта ауылдық жерлердегі кәсіпорындар үшін кадрлар даярлау жүйесін қайта құру, сондай-ақ жаңа кәсіптерді қалыптастыру және кейбір мамандықтарға сұранысты азайту сұрақтары туындауы мүмкін.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының еңбек ресурстарын қамтамасыз етуін талдау мынадай мәселелерді анықтап берді:

- ауыл шаруашылығында цифрландыруды енгізуге қажетті кадрлар мен мамандардың жетіспеушілігі;
- кәсіпорындардың мақсатты кадрларды даярлауға қызығушылығының төмендігі;
- жастар арасында ауыл шаруашылығы мамандықтарының тартымсыздығы;
- кадрларды даярлау және жас мамандарды өндіріске бейімдеу бойынша бірыңғай бағдарламалардың болмауы.

Қорытынды. Осылайша, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін мынадай іс-шараларды орындау қажет:

- ауыл шаруашылығындағы технологиялық өзгерістерді ескере отырып, әлеуметтік-еңбек қатынастары жүйесін қайта қарау. Жаңа технологиялық тәртіптің ықпалы салдарынан ауылдық жұмыс берушілер мен еңбек ресурстары арасындағы әлеуметтік-еңбек қатынастары жүйесіне көзқарастарды қайта қарау кәсіпорындарды жұмыс күшімен қамтамасыз етудің жаңа жүйесін қалыптастыруға әкеледі;

- ауыл азаматтарының экономикалық және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту. Ол үшін ауылдық аумақтарды дамыту бойынша ауыл азаматтарын тұрғын үймен, инженерлік-коммуналдық және көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды жалғастыру қажет;

- жастардың аграрлық кәсіпкерлігін дамытуды қолдау. Жұмыспен қамту құрылымының елеулі өзгеруінен көрінетін ауыл экономикасындағы технологиялық өзгерістердің әсерінен ауыл жастарының жұмыспен қамтылуын трансформациялау жұмыспен қамтудың бейресми нысандарының таралуын азайтады;

- ауыл жастарынан мамандарды мақсатты даярлауды жүзеге асыру. Ол үшін мамандық таңдауын түпкілікті анықтаған, ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге мүдделі мектеп түлектерімен жұмыс жүргізу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ермоленко А.А., Мордовец А.В. Основные направления повышения эффективности использования трудовых ресурсов в сельском хозяйстве. <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnyenapravleniya-povysheniya-effektivnosti-ispolzovaniya-trudovyh-resursov-v-selskom-hozyaystve>
2. Волченкова А.С., Кравченко Т.С. Социально-экономические роста эффективности аграрного труда в условиях достижения уровня целевого индикатора развития АПК. Аграрная Россия. – 2018. – № 1. – С. 26-33.
3. Злобин Е.Ф., Студенникова Н.С., Полухина М.Г. Сельский рынок труда центральной России: состояние и проблемы // Вестник аграрной науки. – 2017. – №6 (69). – С. 117-123.
4. Гончарова Н.В., Кравченко Т.С. Социально – экономические факторы формирования и развития кадрового потенциала АПК Орловского региона. Научно-методический электронный журнал Концепт. – 2015. – Т. 13. – С. 4501-4505
5. Волкова С.Н. Стратегия развития кадров АПК / С.Н. Волкова, Е.Е. Сивак, В.В. Герасимова, А.В. Шлеенко, М.И. Пашкова, В.В. Морозова, О.Ф. Таныгин, С.Н. Кобченко, Т.В. Белова, Т.И. Романова, Н.П. Суглобов-Курск, 2017. – 163 с.
6. Қазақстанда жұмыспен қамтылу: стат. жинақ / Статистика комитеті. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 245 б.

1. Ermolenko A.A., Mordovec A.V. Osnovnyenapravlenijapovysheniijaeffektivnostiispol'zovanijatrudovyhresursov v sel'skomhozjajstve [The main directions of increasing the efficiency of the use of labor resources in agriculture]. <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-napravleniya-povysheniya-effektivnosti-ispolzovaniya-trudovyh-resursov-v-selskom-hozyaystve> [In Russian].
2. Volchenkova A.S., Kravchenko T.S. Social'no-jekonomicheskierostajeffektivnostiagrarnogotruda v uslovijahдостизhenijaurovnjacelevogoindikatorarazvitija APK [Socio-economic growth of the efficiency of agricultural labor in terms of achieving the level of the target indicator of agricultural development]. *AgrarnajaRossija*. 2018. № 1. S. 26-33. [In Russian].
3. Zlobin E.F., Studennikova N.S., Poluhina M.G. Sel'skijrynoktrudacentral'nojRossii: sostojanieiproblemy [Rural labor market of Central Russia: status and problems] // *Vestnikagrarnojnauki*. – 2017. – №6 (69). – S. 117-123 [In Russian].
4. Goncharova N.V., Kravchenko T.S. Social'no – jekonomicheskiefactoryformirovanijairazvitijakadrovogopotenciala APK Orlovskogoregiona [Socio - economic factors of formation and development of the personnel potential of the agro - industrial complex of the Oryol region]// *Nauchno-metodicheskiyelektronnyjzhurnalKoncept*. – 2015. – T. 13. – S. 4501-4505 [In Russian].
5. Volkova S.N. Strategijarazvitijakadrov APK [AIC personnel development strategy] / S.N. Volkova, E.E. Sivak, V.V. Gerasimova, A.V. Shleenko, M.I. Pashkova, V.V. Morozova, O.F. Tanygin, S.N. Kobchenko, T.V. Belova, T.I. Romanova, N.P. Suglobov-Kursk, 2017. – 163 s. [In Russian].
6. Kazakstandazhymyspenkamtylu: stat. zhinak [Employment in Kazakhstan: stat. savings] / Statistikaomiteti. – Nur-Sultan. – 2020. – 245 b. [In Kazakh].

А.Б. Тасмаганбетов, А.К. Көшкінбаев

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ТРУДОВЫМИ РЕСУРСАМИ
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ ПРЕДПРИЯТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы эффективности использования трудовых ресурсов в сельском хозяйстве в связи с внедрением цифровых технологий. Литературный обзор по обеспечению трудовыми ресурсами сельскохозяйственных предприятий показывают, что ученые уделяют в основном на следующие направления: влияние трудовых ресурсов на эффективность производства; вопросы оплаты и мотивации труда; развитие инженерной и социальной инфраструктуры села; переподготовку квалифицированных кадров по внедрению новых технологий и другие.

В ходе анализа рынка труда сельского хозяйства Республики Казахстан, определены основные проблемы обеспечения трудовыми ресурсами предприятия сельского хозяйства являются: нехватка кадров и специалистов, необходимых для внедрения цифровизации в сельском хозяйстве; низкая заинтересованность предприятий в подготовке целевых кадров; непривлекательность сельскохозяйственных профессий среди молодежи; отсутствие единых программ подготовки кадров и адаптации молодых специалистов на производстве. Авторами статьи предложены конкретные рекомендации по обеспечению трудовыми ресурсами предприятий сельского хозяйства: пересмотреть систему социально-трудовых отношений с учетом технологических изменений в сельском хозяйстве; улучшить экономические и социально-бытовые условия сельских граждан; поддержать развитие молодежноаграрного предпринимательства; осуществить целенаправленную подготовку специалистов из сельской молодежи.

A. Tasmaganbetov, A. Koshkinbayev

**CURRENT PROBLEMS OF PROVIDING AGRICULTURAL ENTERPRISES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN WITH LABOUR RESOURCES**

Annotation

The article discusses the issues of the efficiency of the use of labour resources in agriculture in terms of digital technologies introduction. The literature review on the provision of agricultural enterprises with labour resources shows that scientists mainly focus on the following areas: the impact of labour resources on production

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

efficiency; issues of remuneration and motivation of labour; development of engineering and social infrastructure of the village; retraining of qualified personnel for the introduction of new technologies and others.

During the analysis of the agriculture labour market of the Republic of Kazakhstan, the main problems of providing agricultural enterprises with labour resources are identified. The problems are: lack of personnel and specialists necessary for the introduction of digitalization in agriculture; low interest of enterprises in training targeted personnel; unattractiveness of agricultural professions among young people; lack of unified training programs and adaptation of young specialists in production. The authors have proposed specific recommendations for providing agricultural enterprises with labour resources: to revise the system of social and labour relations taking into account technological changes in agriculture; to improve the economic and social conditions of rural citizens; to support the development of youth agricultural entrepreneurship; to carry out targeted training of specialists from rural youth.

